

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 381 Қаулысы.

"Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 137-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидалары және оның мөлшері бекітілсін.

2. "Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға арналған ақша қаражатын төлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 наурыздағы № 306 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 13, 167-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының	
Премьер-Министрі	К. Мәсімов

	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 381 қаулысымен бекітілген
--	--

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидалары және оның мөлшері

1. Жалпы ережелер

1. Осы Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидалары және оның мөлшері (бұдан әрі – Қағидалар) "Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексіне сәйкес

әзірленген және патронат тәрбиешілерге берілген балаға (балаларға) бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру тәртібі мен мөлшерін айқындайды.

2. Патронат нысанындағы қорғаншылық немесе қамқоршылық кәмелетке толмаған жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, оның ішінде білім беру ұйымындағы, медициналық немесе өзге де ұйымдағы балаларға белгіленеді.

2. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу тәртібі

3. Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау үшін патронат тәрбиеші тұрғылықты жері бойынша қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органға (бұдан әрі – орган):

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес ақша қаражатын тағайындау туралы өтінішті;

2) баланың (балалардың) білім беру ұйымында білім алатыны туралы анықтаманы;

3) баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шартты ұсынады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 312 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Орган патронат тәрбиешінің баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын алуға құқығын осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген құжаттардың негізінде бес жұмыс күні ішінде тексереді.

Тексеру қорытындысы бойынша орган осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес патронат тәрбиешілерге баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады, ол тіркеу журналына тіркеледі.

Білім беру ұйымдарында, медициналық немесе басқа ұйымда мемлекет толық қамтамасыз ететін қамқорлықтағы балаларға ақша қаражаты тағайындалмайды.

6. Патронат тәрбиешілерге ақша қаражатын тағайындау туралы шешімнің негізінде орган бес жұмыс күні ішінде патронат тәрбиешілерге ақша қаражатын төлеуді жүргізеді.

7. Патронаттық тәрбиедегі балаға (балаларға) бөлінетін ақша қаражатын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатуға әкеп соғатын, осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ол қамқорлықтағы бала 18 жасқа толғанға дейін патронат тәрбиешіге тағайындалады және төленеді.

8. Патронат тәрбиешіге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді орган патронат тәрбиеші мен орган арасында жасалатын баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шарттың негізінде ақша қаражатын тағайындау туралы шешім шыққан күннен бастап ағымдағы айдың 15-күнінен кешіктірмей ай сайын жүргізеді.

9. Патронат тәрбиешіге баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу мынадай негіздемелер бойынша тоқтатылады:

1) қамқорлықтағы баланың кәмелетке толуы;

2) қамқорлықтағы баланың жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған ұйымдарға, стационар үлгісіндегі медициналық-әлеуметтік мекемеге толық мемлекеттік қамтамасыз етуге орналасуы;

3) қамқорлықтағы баланы асырап алу;

4) патронат тәрбиешінің өз міндеттерін атқарудан шеттетілуі;

5) шарт мерзімінің өтуі немесе оның мерзімінен бұрын бұзылуы.

10. Патронат тәрбиешіге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді тоқтату органның шешімі бойынша, төлеуді тоқтатуға әкеп соқтырған мән-жайлар туындаған айдан кейінгі айдан бастап жүргізіледі.

11. Орган шешім қабылданған күнінен бастап бір ай мерзімде патронат тәрбиешіні ақша қаражатын төлеудің тоқтатылғаны туралы хабардар етеді.

12. Органның кінәсінен патронат тәрбиеші уақтылы алмаған ақша қаражаты, егер ол үшін өтініш қамқорлықтағы бала он сегіз жасқа толғанға дейін берілсе, органға өтініш түскен күннен бастап барлық өткен кезең үшін төленеді.

13. Патронаттағы балаға (балаларға) ақша қаражатын тағайындау және төлеу бойынша құжаттар органда қамқорлықтағы балалардың жеке істерінде сақталады.

14. Патронат тәрбиеші шығыстарды есепке алуды ақша қаражатының кірісі және шығысы бойынша жазбалар түрінде жүргізеді.

3. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу мөлшері

15. Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеу ай сайын мынадай мөлшерде жүргізіледі:

1) мектеп жасына дейінгі бір бала үшін тамақтану – 6 айлық есептік көрсеткіш;

2) мектеп жасындағы бір бала үшін тамақтану – 7 айлық есептік көрсеткіш;

3) бір баланың киім-кешегі, аяқ киімі және жұмсақ мүкәммалы – 3 айлық есептік көрсеткіш.

16. Орган патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатының жұмсалуды бақылауды жарты жылда кемінде 1 рет жүргізеді.

	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы(балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларына және оның мөлшеріне 1-қосымша
--	--

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау үшін өтініштің нысаны

_____ (орган атауы)

Өтініш

Патронат тәрбиешілерге берілген бала (балалар)

_____ күтіп-бағуға ақша

қаражатын

(баланың (балалардың) Т.А.Ә., туған күні)

тағайындауды сұраймын.

Патронат тәрбиешінің тегі _____

Аты _____ Әкесінің

аты _____

Мекенжайы _____

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға ақша қаражатын тағайындау туралы шешім _____

_____ 20__ ж. "___" _____

Патронат тәрбиешінің жеке басын куәландыратын құжаттың түрі

Сериясы _____ нөмірі _____ кім берген _____

Жеке сәйкестендіру нөмірі _____
Дербес шотының № _____ Банктің атауы _____

Жеке деректерде өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған мәліметтер мен жасанды құжаттарды бергенім үшін жауапкершілік туралы маған ескертілді.

20 ___ ж. " ___ " _____

(өтініш берушінің қолы)

Құжаттар қабылданды: 20 ___ ж. " ___ " _____

(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

(қию сызығы)

Жеке деректерде өзгерістер туындаған жағдайда, олар туралы 15 күн ішінде хабарлауға міндеттенемін.

Жалған мәліметтер мен жасанды құжаттарды бергенім үшін жауапкершілік туралы маған ескертілді.

Құжаттары қоса берілген азамат

өтініші

_____ данада 20 ___ ж. " ___ " _____ № _____ қабылданды.

(құжаттарды қабылдаған адамның Т.А.Ә., лауазымы) (қолы)

	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларына және оның мөлшеріне 2-қосымша
--	---

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім

20 ___ жылғы " ___ " _____

№ _____

_____ (орган атауы)

Істің № _____

Азамат

(тегі, аты, әкесінің аты)

Өтініш берілген күн

Баланың туу туралы куәлігі (туу туралы актінің жазбасы)

Берілген күні _____ № _____

Баланың туу туралы куәлігін (баланың тууы туралы актінің жазбасын) берген
органның атауы _____

Баланың Т.А.Ә.

Баланың туған күні

Баланы патронаттық тәрбиеге беру туралы шарт

Қорытынды шығарылған күн 20__ ж. _____

Тағайындалған ақша қаражатының сомасы

20__ ж. _____ бастап 20__ ж. _____ аралығында

_____ теңге _____ сомасында

(жазумен)

Айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты тағайындалған ақша
қаражатының сомасы:

Баланың Т.А.Ә.

_____ бастап

_____ аралығында

_____ теңге _____

сомасында

(жазумен)

_____ себебі бойынша ақша
қаражатын тағайындаудан бас тартылды

_____ себебі бойынша ақша

қаражатының төленуі тоқтатылды

М.О.

(Орган басшысы)

(ҚОЛЫ) (Т.А.Ө.)